

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттарының
талаптарына сәйкестікте басқарудың ықпалдастырылған жүйесі саласындағы
САЯСАТЫ**

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының мұнайгаз саласында жұмыс істейтін ірі компанияларының бірі болып табылады.

Компанияның – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның басшылығы - шығарылатын өнімдердің сапасын, қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету, қолайлы қоршаған ортаны сақтау және табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану үшін өзінің жауаптылығын жете түсінеді.

Тұрғысы: «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ – Қазақстандағы халықаралық қор рыногында баға белгілеуші үздік мұнайгаз өндіруші компания.

Миссиясы: Компания өз қызметінде үш негізгі топтың мүдделерін басшылыққа алады:

➤ *Акционерлер:* Компанияның барлық ресурстарын тиімді басқарудың есебінен акционерлердің тұрақты өсіп отыратын пайда алуын қамтамасыз ету.

➤ *Қоғам:* Компанияның қызметі аймақтарының қалыпты дамуына жәрдем көрсету және халықаралық сапа және қоршаған ортаны қорғау стандарттарына сәйкес тиімді өндірістік қызметті жүзеге асыру арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру.

➤ *Қызметкерлер:* Қазақстандағы үздік білікті мамандарының жұмыс істеуі үшін неғұрлым қолайлы орын болуға ұмтылу.

Компанияның жолы: компанияның ол арқылы қызметкерлердің және тұтастай алғанда бүкіл Компанияның машығы мен білімі жүйесі ұғылатын корпоративтік мәдениетін қалыптастыратын бизнесті жүргізу қағидалары.

Біздің бәріміз – бір командамыз және өзіміздің миссиямызды орындау үшін бізге қатыстының бәрін жасауға ұмтыламыз.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директоры сапаны жалпыға ортақ басқару принциптеріне бейілділігін байқата отырып Сапа саласындағы саясат қабылданғандығы туралы мәлімдейді. Сапа саласындағы саясат:

1. Ықпалдастырылған басқару жүйесін ұдайы жетілдіріп отыру
2. Шығарылатын өнімнің тұтынушының талаптарына сай келетін сапасын қамтамасыз ету
3. Ықпалдастырылған басқару жүйесінің қажетті ресурстармен жұмыс істеуін қамтамасыз ету
4. Қалдығы аз, қалдықсыз және қауіпсіз технологияларды пайдаланудың негізінде өндірісті дамыту және жетілдіру
5. Сапа менеджменті саласындағы қызметтер мәселелері бойынша тұтынушылардың, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тұлғалардың алдында шынайылықты қамтамасыз ету

6. Компанияның қызметінің нашарлауына, өнім сапасының төмендеуіне, қоршаған ортаның ластануына, өндірістік жарақат алуға және кәсіби ауруларға әкеп соқтыруы мүмкін болатын сәйкессіздіктердің болмауы міндеттемелерін орындаумен қамтамасыз етіледі.